

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту тұжырымдамасы туралы**

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 5 ақпанды № 1 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 86-бабы 2-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) теніздегі өткізу пункттерінде көлік қызметтерін көрсету сапасын арттыру және электрондық құжат айналымын дамыту мақсатында, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 29 мамырдағы "Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттары туралы" № 68 шешімін мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымына қатысты бөлігінде іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия:

а) мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымының дамуына мониторинг жүргізсін;

б) 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында:

Еуразиялық үкіметаралық кеңесті мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамытудың бірінші кезеңінің нәтижелері туралы хабардар етсін;

мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамытудың бірінші кезеңінің нәтижелерін ескере отырып, мүше мемлекеттермен бірлесіп, мүше мемлекеттердің теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын дайындасын және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің қарауына ұсынсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

### **Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:**

Армения  
Республикасынан

Беларусь  
Республикасынан

Қазақстан  
Республикасынан

Қырғыз  
Республикасынан

Ресей  
Федерациясынан

Еуразиялық үкіметаралық  
кеңестің  
2021 жылғы 5 ақпанды № 1  
шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің  
теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**I. Жалпы ережелер**

Осы Тұжырымдама 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 86-бабы 2-тармағының 5-тармақшасына сәйкес және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттары туралы" 2014 жылғы 29 мамырдағы № 68 шешімін іске асыру шенберінде әзірленді.

Осы Тұжырымдама адамдарды, көлік құралдарын, жүктөрді, тауарлар мен жануарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) кедендей шекарасы арқылы өткізу кезінде Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) теніздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымының мақсаттарын, міндеттерін, негізгі бағыттары мен даму кезеңдерін айқындайды.

Осы Тұжырымдаманың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"теңіз портының капитаны" - аумағында теңіз порты орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген функцияларды, оның ішінде кемелердің теңіз портына кіру және теңіз портынан шығу, сондай-ақ кемелердің теңіз портына келуін ресімдеу және теңіз портынан шығу тәртібіне қатысты талаптардың сақталуын бақылау функцияларын мүше мемлекеттің теңіз портында жүзеге асыратын лауазымды адам;

"теңіз агенті" - теңіз агенттігін жүргізу шарты бойынша мүше мемлекеттің белгілі бір теңіз портында немесе мүше мемлекеттің белгілі бір аумағында өз атынан немесе кеме иесінің атынан заңды және өзге де әрекеттерді кеме иесінің тапсырмасы бойынша және есебінен сыйақы үшін жасауға міндеттенетін тұлға;

"теңіздегі өткізу пункті" - мүше мемлекеттің мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктөрді, тауарлар мен жануарларды өткізу жүзеге асырылатын, халықаралық қатынастар үшін ашық мүше мемлекеттің теңіз порты шегіндегі аумақ (акватория);

"теңіз терминалы" – мүше мемлекеттің теңіз портының технологиялық жағынан өзара байланысты және жүктермен операцияларды жүзеге асыруға, оның ішінде оларды ауыстырып тиеуге, кемелерге, өзге де көлік құралдарына қызмет көрсетуге және (немесе) жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған және (немесе) сол үшін пайдаланылатын инфрақұрылымы объектілерінің жиынтығы;

"теңіз терминалының операторы" - теңіз терминалын пайдалануды, жүктермен операцияларды, оның ішінде оларды ауыстырып тиеуді, кемелерге, өзге де көлік

құралдарына қызмет көрсетуді және (немесе) жолаушыларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын көлік үйимы;

"уәкілдегі үйимдар" - мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде және теңіз порттарында мемлекеттік порттық бақылауды және (немесе) ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру бойынша өкілдегілер берілген мүше мемлекеттердің үйимдары;

"теңіз портындағы қызметтер" - пайдаланушыларға әдетте аумағында теңіз порты орналасқан мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің теңіз портында және оған кіреберістерде жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтер.

Тұжырымдамада пайдаланылатын өзге де үйимдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттарда және актілерде айқындалған мағыналарда қолданылады.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту процесі цифрлық экономиканы қалыптастыру процесімен және Одақтың цифрлық күн тәртібінің негізгі бағыттарын іске асыру процесімен, сондай-ақ Одақтың цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесін қалыптастыру процесімен ұштасады және цифрлық технологияларды дамыту және көлік саласындағы инновацияларды (оның ішінде көлік қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған) қолдау үшін жағдайлар жасау қажеттігін ескереді.

Теңіз көлігі әлемдік көлік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін аса маңызды.

Әлемдегі цифрлық технологиялардың дамуы теңіз тасымалы саласын өзгертеді және сауда мақсатында теңізде жүзу мен порт қызметінің орнықты дамуына қол жеткізу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

БҰҰ-ның Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) "Теңіз көлігіне шолу – 2019" атты жыл сайынғы баяндамасында цифрлық платформалар, жаңа технологиялар мен инновациялар, оның ішінде блокчейн технологиялары тиімді және қауіпсіз сауданы қамтамасыз етуге және беру тізбегін ұлғайтуға мүдделі тауар өндірушілер мен берушілердің жиі пайдаланылатыны және теңіз саласының мақсаты электрондық құжаттар мен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы осындағы қажеттіліктерді қанағаттандыру екені атап өтілді.

Теңіз порттары бағытында теміржол көлігімен жүктерді, оның ішінде мұнай, мұнай өнімдері, кен, көмір және астықты тасымалдаудың үлкен үлесі жүзеге асырылады.

Теңіз порттары шегінде орнатылған теңіздегі өткізу пункттерінде ақпараттық өзара іс-қимыл аумағында теңіз порттары орналасқан мүше мемлекеттің 1бірыңғай терезе 1 ұлттық тетігінің маңызды элементі болып табылады.

Теңіздегі өткізу пункттерінде цифрлық технологияларды қолдану мультимодальдық тасымалдарды одан әрі дамытуға ықпал етеді, мүше мемлекеттердің көлік жүйелері

үшін әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау, сондай-ақ Одақ шенберінде транзиттік әлеуетті іске асыру және дамыту бойынша жаңа мүмкіндіктер жасайды.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылар мен мемлекеттік органдар арасындағы электрондық құжат айналымына көшу, әртүрлі көлік түрлерінің, жүк иелерінің, көлік процесіне басқа да қатысушылардың мультимодальдық технологиялық өзара іс-қимылның ақпараттық ортасын дамыту есебінен көлік қызметтерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі құжаттарды пайдаланудан бас тартуға, деректер алмасуға көшуді жүзеге асыруға, жүктөрді, жолаушылар мен олардың бағажын тасымалдау процестерін жеделдетуге және женілдетуге мүмкіндік береді.

Осы Тұжырымдама Дүниежүзілік сауда үйымының нормаларына, қағидалары мен қағидаттарына, Біріккен Ұлттар Ұйымының және Дүниежүзілік кеден үйымының ұсынымдарына негізделген теңіз көлігі саласындағы электрондық құжат айналымына көшу жөніндегі әлемдік тәжірибелі ескереді.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту Одақ құқығына және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес (оның ішінде ұлттық бағдарламаларға (стратегияларға) сәйкес) теңіз көлігін дамытуды көздейтін ұлттық басымдықтар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Осы Тұжырымдама мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мүше мемлекеттің мемлекеттік шекара режимін сақтау тәртібіне қолданылмайды.

## **II. Электрондық құжат айналымын дамытудың мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары**

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамытудың мақсаттары көлік қызметтерінің және теңіз портындағы көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, адамдарды, көлік құралдарын, жүктөрді, тауарлар мен жануарларды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде электрондық құжат айналымына көшу болып табылады.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту міндеттері:

электрондық құжат айналымына және деректермен алмасуға толық көшу үшін, сондай-ақ цифрлық технологияларды қолдану үшін жағдай жасау;

тасымалдаушылар, теңіз агенттері, теңіз терминалдарының операторлары және шаруашылық жүргізу什і субъектілер теңіз порттары капитандарына, уәкілетті үйымдарға, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) барлық түрін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ кемелердің теңіз портына кіруін және теңіз портынан шығуын ресімдеу және (немесе) теңіз портында қызметтер көрсету үшін ұсынатын деректерді бір рет ұсыну және көп рет пайдалану қағидатын іске асыру;

тасымалдаушылар, теңіз агенттері, теңіз терминалдарының операторлары және шаруашылық жүргізуі субъектілер теңіз порттары капитандарына, уәкілетті ұйымдарға, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) барлық түрін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ кемелердің теңіз портына кіруін және теңіз портынан шығуын ресімдеу және (немесе) теңіз портында қызметтер көрсете үшін ұсынатын деректерді біріздендіру.

Электрондық құжат айналымына және деректер алмасуға толық көшу үшін, сондай-ақ теңіздегі өткізу пункттерінде цифрлық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау, оның ішінде қажет болған жағдайлар ескеріле отырып жүзеге асырылады:

теңіз порттарының капитандарына, уәкілетті ұйымдарға, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) барлық түрін жүзеге асыру және (немесе) кемелердің теңіз портына кіруін және теңіз портынан шығуын ресімдеу және (немесе) теңіз портында қызметтер көрсете үшін қағаз жеткізгіште ұсынылатын құжаттардың тізбесін оларды қағаз жеткізгіште ұсынудың негізділігіне және электрондық құжат айналымына өту және деректермен алмасу мүмкіндіктеріне талдау жүргізу мақсатында жасау;

теңіздегі өткізу пункттерінде бизнес-процестерді не олардың реинжириингін оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізу;

казіргі заманғы ақпараттық жүйелерді дамыту үшін жағдай жасау;

казіргі заманғы цифрлық технологиялар мен ақпараттық жүйелерді ескере отырып, "интеллектуалды" теңіздегі өткізу пунктінің моделін құру және оны "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктеріне интеграциялау;

мыналарға талдау жүргізу:

Одақтың құқығында және мүше мемлекеттердің заңнамасында қамтылған және электрондық құжат айналымын дамыту және цифрлық технологияларды қолдану мәселелерін регламенттейтін ережелер;

электрондық құжат айналымын дамытудың және цифрлық технологияларды қолданудың халықаралық тәжірибесі;

мынадай:

мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылауды (қадағалауды), сондай-ақ мүше мемлекеттердің теңіз порттарындағы мемлекеттік порттық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдары және олардың функциялары туралы;

теңіз порты капитанының функциялары туралы;

уәкілетті ұйымдар және олардың функциялары туралы;

мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының, теңіз порттары капитандарының, уәкілетті ұйымдардың, тасымалдаушылардың, теңіз агенттерінің, теңіз терминалдары операторларының ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ақпараттық

жүйелер туралы, сондай-ақ мемлекеттік порттық бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер, осындай жүйелерге қол жеткізу шарттары және ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі туралы;

мұше мемлекеттердің мемлекеттік органдары, теңіз порттарының капитандары және уәкілетті ұйымдар қолданатын цифрлық технологиялар туралы ақпаратты жаңартып отыруды қоса алғанда, теңіздегі өткізу пункттеріндегі электрондық құжат айналымының ағымдағы жай-күйі.

Мұше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде және теңіз порттарында мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) барлық түрін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ кемелердің теңіз портына кіруін және теңіз портынан шығуын ресімдеу және (немесе) теңіз портында қызметтер көрсету үшін қажетті деректерді бір рет ұсыну және көп рет пайдалану қағидатын іске асыру осы деректерді тасымалдаушылардың, теңіз агенттерінің, теңіз терминалдары операторларының және шаруашылық жүргізуші субъектілердің не теңіз портының капитанына не уәкілетті ұйымға бір рет ұсынуын және аумағында теңіздегі өткізу пункттерін орналасқан мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы кейіннен оларды көп рет пайдалануды көздейді.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

мұше мемлекеттің теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымының ұлттық сегментін құру және дамыту;

аумағында теңіздегі өткізу пункттері орналасқан мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар, теңіз порттарының капитандары, әрбір мұше мемлекеттің уәкілетті ұйымдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды дамыту;

ақпараттық жүйелерге қосылу жөніндегі, сондай-ақ көліктегі қауіпсіздікке (көлік қауіпсіздігі және көлікті пайдалану қауіпсіздігі) қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ақпарат алмасу жөніндегі шектеулерді ескере отырып, аумағында теңіздегі өткізу пункттері орналасқан мұше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен мұше мемлекеттер мемлекеттік органдарының, теңіз порттары капитандарының, уәкілетті ұйымдардың, тасымалдаушылардың, теңіз агенттерінің, теңіз терминалдары операторларының және шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақпараттық жүйелерінің үйлесімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

цифрлық технологияларды дамыту және қолдану;

электрондық құжат айналымын дамытуды және цифрлық технологияларды қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Одақ құқығын және мұше мемлекеттердің заңнамасын жетілдіру;

мұше мемлекеттердің электрондық құжат айналымын дамытуды және цифрлық технологияларды қолдануды реттейтін заңнамасын үйлестіруді қамтамасыз ету;

электрондық құжат айналымы және цифрлық технологияларды қолдану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржылай қамтамасыз ету мүше мемлекеттер бюджеттерінің қаражаты, сондай-ақ бюджеттен тыс көздер қаражаты есебінен, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады.

### **III. Электрондық құжат айналымын дамыту кезеңдері**

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту екі кезеңде жүзеге асырылады деп көзделіп отыр:

бірінші кезең – 2021-2022 жылдар;

екінші кезең – 2023-2025 жылдар.

Бірінші кезеңде электрондық құжат айналымына толық көшу және теңіздегі өткізу пункттерінде цифрлық технологияларды қолдану үшін жағдай жасау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады, деректерді бір рет ұсыну және бірнеше рет пайдалану қағидатының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Екінші кезеңде электрондық құжат айналымына толық көшу және теңіздегі өткізу пункттерінде цифрлық технологияларды қолдану мақсатына қол жеткізіледі, электрондық құжат айналымы шеңберінде деректерді біріздендіру және деректер алмасуға көшу қамтамасыз етіледі.

Теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту кезеңдері теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарларына сәйкес іске асырылады.

Бірінші кезеңнің іс-шаралары қосымшаға сәйкес теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттердің  
теңіздегі өткізу пункттерінде  
электрондық құжат айналымын  
дамыту тұжырымдамасына  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде  
электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар  
ЖОСПАРЫ**

Іс-шараның атаяуы	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы	Жоспарланған нәтиже
1. Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше			

мемлекеттер) теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту жөніндегі сараптама тобын құру	2021 жыл	Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия), мүше мемлекеттер	Комиссия актісі
2. Теніз порттарының капитандарына, уәкілетті ұйымдарға, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарына мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) барлық түрін жүзеге асыру және (немесе) кемелердің теңіз портына кіруін және теңіз портынан шығуын ресімдеу және (немесе) теңіз портында қызметтер көрсету үшін қағаз жеткізгіште ұсынылатын құжаттардың тізбесін оларды қағаз жеткізгіште ұсынуудың негізділігіне және электрондық құжат айналымына көшу және деректермен алмасу мүмкіндіктеріне талдау жүргізу мақсатында жасау	2021 – 2022 жылдар	Комиссия, мүше мемлекеттер	талдау материалдары, тізбе
3. Мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттері мен теңіз порттарында (G2G, B2G) электрондық құжат айналымын дамытуды және цифрлық технологияларды колдануды реттейтін ұлттық стратегияларын, халықаралық шарттарын және нормативтік құқықтық актілерін талдау	2021 жыл	Комиссия, мүше мемлекеттер	талдау материалдары
4. Мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту мақсатында мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер	2022 жыл	Комиссия, мүше мемлекеттер	

енгізу туралы ұсынымдарды әзірлеу және қабылдау			Комиссия Алқасының ұсынымдары
5. Мүше мемлекеттердің теңіздегі өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымын дамыту және цифрлық технологияларды колдану саласындағы ағымдағы жағдайға талдау жүргізу	жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер	талдау материалдары
6. Теңіздегі өткізу пункттері мен теңіз порттарында электрондық құжат айналымын және цифрлық технологияларды дамытудың халықаралық тәжірибесін талдау	жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер	талдау материалдары
7. БҰҰ СЕФАКТ-мен жыл сайынғы семинар ұйымдастыру (мүмкін болған жағдайда, бейнеконференция форматында)	жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер	семинар материалдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК